

Пайдалану бойынша нұсқаулық

Сомын бұрағыш
FinePower OneBase
CIWBL300

FinePower

Мазмұны

Құрылғының тағайындалуы	3
Сақтық шаралары	3
Аккумуляторлық батареямен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу бойынша ұсыныстар	6
Құрылғының сұлбасы	8
Құрылғыны пайдалану	9
Аккумулятор мен қуаттау құрылғысын пайдалану	10
Аккумуляторды зарядтау	10
Техникалық сипаттамалар	11
Жиынтықтамасы	11
Қызмет көрсету	12
Ықтимал проблемалар және олардың шешімі	12
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	12
Қосымша ақпарат	13

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапалы, функционалды және жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз.

Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының тағайындалуы

Бұл электр құралы сомындарды, бұрандамалар анкерлерді монтаждауға арналған.

Сақтық шаралары

Жұмыс орнындағы қауіпсіздік

- Жұмыс орны жақсы жарықтандырылған және таза болуы керек. Жұмыс орнындағы тәртіпсіздік немесе жарықтандырылмаған учаскелер жұмыс кезінде жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін.
- Бұл электр құралымен жанғыш сұйықтықтар, тұтанғыш газдар орналасқан немесе шаңды орынжайларда жұмыс жасауға болмайды. Пайдалану барысында, сондай-ақ қосып, өшірген кезде құрал ұшқын шығарады, бұл шаң мен будың тұтануына әкелуі мүмкін.
- Электр құралымен жұмыс істеу кезінде балалар мен бөгде адамдарды жұмыс орнына жақындатпаңыз. Электр құралын пайдалану барысында бақылауды жоғалтып алуыңыз мүмкін.

Электр қауіпсіздігі

- Электр тоғының соғуынан қорғайтын қажетті сақтық шараларын қолданыңыз. Құрал корпусының жылыту құбырлары, тоңазытқыштар сияқты жерге тұйықталған беттермен байланысқа түсуіне жол бермеңіз.
- Электр құралын ылғалдан, жаңбырдан және дымқылдықтан қорғаңыз. Электр құралына судың енуі электр тоғымен зақымдану қаупін арттырады.

Жеке қауіпсіздік

- Мұқият болыңыз, не істеп жатқаныңызды бақылауда ұстаңыз және электр құралымен жұмысты ойластырып бастаңыз. Шаршаған күйде немесе егер сіз дәрілік препараттардың әсерінде болсаңыз, алкогольдік немесе есірткілік масаң күйде электр құралын пайдаланбаңыз. Электр құралымен жұмыс істеу кезіндегі бір немқұрайлықтың салдары ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Жеке қорғану құралдарын (қорғаныс маскасын, тайғанамайтын табаны бар аяқ киімді, қорғаныс шлемін немесе есту органдарын қорғау құралдарын) қолдану, электр құралымен жұмыс істеу түріне байланысты жарақат алу қаупін төмендетеді.
- Сәйкес келетін жұмыс киімін киіңіз. Кең киім кимеңіз мен әшекейлер тақпаңыз. Шашыңызды, киім мен қолғапты қозғалмалы бөліктерден алшақ ұстаңыз.
- Электр құралының байқаусызда қосылуына жол бермеңіз. Электр құралын электр қуатына және/немесе аккумуляторға қоспас бұрын құралының сөндірілгеніне көз жеткізіңіз. Қуат көзіне қосатын құралды ажыратып-қосқышынан ұстамаңыз.
- Электр құралын қосқанға дейін орнату құралын немесе сомынды кілттерді шетке алып қойыңыз. Электр құралының айналмалы бөлігінде орналасқан құрал немесе кілт жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Құралмен жұмыс істеу кезінде денеңізді қолайсыз қалыпта ұстамаңыз. Өзіңізді әр кезде тұрақты күйде және тепе-теңдікті сақтаған күйде ұстаңыз. Осының арқасында күтпеген жағдайларда электр құралын жақсы басқара аласыз.
- Электр қуатын жоғалтқан кезде немесе электр құралы өздігінен сөніп қалса, құрылғыны дереу өшіріңіз. Егер кернеуді жоғалтқан кезде машина қосұлы күйінде қалса, онда қуат көзін беруді қайта бастағанда ол өздігінен іске қосылады, бұл пайдаланушының денсаулығына зиян келтіруі және/немесе материалдық залалға әкелуі мүмкін.
- Пайдалану ережелерін, сондай-ақ қауіпсіздік техникасын сақтамау электр тогымен зақымдануға, тұтануға және/немесе күрделі жарақаттарға әкелуі мүмкін. Өндіруші және оның уәкілетті тұлғалары, құралды осы нұсқаулықтың талаптарын сақтамай қолданумен туындаған зақымданулар үшін жауапты болмайды.

Құрылғымен жұмыс істеу кезіндегі сақтық шаралары

- Жұмыстарды орындаудың нақты шарттарын ескере отырып, құралдарды, жиынтықтауыштары, биттерді және басқаларды осы нұсқаулыққа сәйкес пайдаланыңыз. Электр құралын тікелей мақсатында сай емес пайдалану қауіпті.
- Егер құралды қосқышпен өшіру және қосу мүмкін болмаса, оны пайдаланбаңыз.
- Құрылғы балалардың және, олардың қауіпсіздігі үшін жауапты болатын басқа тұлғалар бақылауды жүзеге асырайтын жағдайларды қоспағанда, физикалық, сенсорлы немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың пайдалануына арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеңіз.
- Құралдың қозғалмалы бөліктері мықтап бекітілгеніне және дұрыс жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз. Егер құрал зақымданған болса, оны жөндеу керек.
- Аккумуляторды өндірушімен көрсетілген қуаттау құралының көмегімен ғана қуаттаңыз. Батареялардың бір түріне сәйкес келетін қуаттау құрылғысы аккумулятор батареясының басқа түрлерімен қолданған кезде өрт шығу қаупін тудыруы мүмкін.
- Аккумуляторлық батареяларды салған немесе шығарып алған кезде қуат көзін ажыратыңыз.
- Жұмысты аяқтағаннан кейін құралды шетке қоймас бұрын, оны өшіріп, айналмалы бөліктердің тоқтауын күтіңіз.
- Қуаттау құрылғысында шаң мен кірдің жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Сервистік қызмет көрсетуді бірегей қосалқы бөлшектерді пайдалана отырып, білікті персонал жүргізуі тиіс. Бұл электр құралының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.
- Биттер немесе толымдауыштары жасырын кабельдермен жанасатын ортада жұмыс істеген кезде құралды оқшауланған тұтқадан ұстаңыз. Кернеу астындағы кабельдермен байланысқан жағдайда құралдың металл бөліктері өткізгіш болады және электр тоғымен зақымдалуға әкелуі мүмкін.
- Тек жарамды толымдауыштарды пайдаланыңыз.
- Бұрғы төменде жатқан бетке зақым келтірместен бұрғылайтындығына көз жеткізіңіз.
- Құралды өшіргеннен кейін биттерге бірден қол тигізбеңіз.
- Қолыңызды өңделіп жатқан бөлшектің астына қоймаңыз.
- Битаның жанындағы жоққаны, үгіндіні қолмен тазалауға болмайды.
- Алаңдамас бұрын, жұмысты аяқтап, құралды өшіріңіз.
- Электр құралының бұрандалы қосылыстарын үнемі тексеріп отырыңыз.

Аккумуляторлық батареямен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу бойынша ұсыныстар

АКБ табиғи тозуы

Құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланған және сақтаған кезде аккумулятор (бұдан әрі мәтін бойынша - «АКБ») қуатын және сыйымдылығын жоғалтады. Құрылғыны пайдалану кезеңінде қуаттау-қуатсыздандудың 300 циклынан кейін (құрылғыны шамамен бір жыл пайдаланған кезде) АКБ сыйымдылығы номиналды мәннен 60 % дейін төмендеуі мүмкін деп күтуге болады. 400 қуаттау-қуатсыздану циклынан кейін АКБ сыйымдылығы номиналды сыйымдылықтың 80 % дейін төмендеуі мүмкін.

Көрсетілген шектер мен уақыт кезеңдеріндегі сыйымдылықтың ішінара төмендеуі - бұл ақау болып табылмайтын, АКБ табиғи тозуы. Құрылғыдан бөлек сақталған кезде де АКБ қуатын жоғалтады. Өздігінен қуатсыздану айына шамамен 5 % құрайды. АКБ өз құрылымына қарай қысқа мерзімді және пайдаланылғанына немесе пайдаланылмағанына қарамастан үнемі нашарлайды. Бұл нашарлау температура неғұрлым қарқынды болса және қуат мөлшері неғұрлым «оңтайлы» мәнінен алшақ болса (сақтау тұрғысынан), соғұрлым жоғары болады, ол 40% тең деп қабылданады. Басқаша айтқанда, егер АКБ пайдаланылмаса, оның қуатын 40-50% деңгейінде ұстаған жөн.

Аккумулятордың қуаттану/қуатсыздану қабілеті оған орнатылған контроллермен басқарылады. Қуаттану және қуатсыздану тоқтары шектеулі болғандықтан, түпнұсқалық жиынтыққа кірмейтін сыртқы қуаттау құрылғыларындағы мәжбүрлі «жылдам қуаттау» режимдері қарсы көрсетілген.

АКБ-да «жад эффектісі» жоқ. АКБ-ны кез-келген қуат деңгейінен қуатсыздандыруға/ қуаттауға болады. Көптеген құрылғыларда қуаттану/ қуатсыздану дәрежесі бойынша шектеу бар - контроллер қуаты 90% - дан асып кетсе АКБ-ны қуаттауға мүмкіндік бермеуі ықтимал. Сондай-ақ, ол АКБ-ны толығымен қуатсыздандыруға мүмкіндік бермейді, бұл оның элементтерінің істен шығуына жол бермейді («терең қуатсыздану» әсерінен). Егер АКБ 2 апта бойы немесе одан да көп уақыт қуатсызданған күйде болса, онда оның элементтеріндегі сыйымдылықты жоғалтудың қайтымсыз процесі жүреді, нәтижесінде АКБ істен шығады.

Егер құрылғының АКБ қуатсызданған болса, және біраз уақыт пайдаланылмаса, онда құрылғыны қайта іске қоспас бұрын оны шамамен 1-2 сағатқа ҚҚ-на қосулы күйде қалдыру керек.

Температуралық режимді сақтаңыз

АКБ +15 °С-тан +35 °С-қа дейінгі температурада қуатталған күйінде сақталуы тиіс. АКБ өте жоғары (+50 °С-тан жоғары) және өте төмен (-30 °С-тан төмен) қоршаған орта температурасында ұзақ мерзімді пайдалануға жол берілмейді. Оны жылу көздеріне, мысалы, электр жылытқыштарына тікелей жақын жерде қалдырмаңыз.

Зақымдану белгілері бар АҚБ бөлшектемеңіз, жандырмаңыз пайдаланбаңыз

Ешбір жағдайда АҚБ-ны өз бетінше бөлшектеуге және олардың элементтерін қуаттауға болмайды, мұны білікті мамандар жасауы тиіс. Элементтердің тесілуі немесе мыжылуы ішкі қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін, содан кейін өрт пен жарылыс болуы ықтимал. АҚБ корпусын саңылаусыздандыру кезінде элементтің ішіне су кіруі немесе атмосфералық ылғал конденсациялануы мүмкін, бұл сутегінің бөлінуі орын алатын реакцияға және тұтануға әкелуі мүмкін.

Зақымдалған АҚБ адам денсаулығына зиянды заттар бөледі. Егер АҚБ штаттық режимде жұмыс істемей қалса, қандай да бір себептермен деформацияланған болса (ісінген, тартылған және т.б.), дереу авторландырылған сервистік орталыққа хабарласу керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: шынайы жұмыс уақыты көрсетілген уақытпен сәйкес келмеуі мүмкін. АҚБ қуаттаудың шектеулі циклдер саны болуы мүмкін және біраз уақыт өткен соң, ауыстыруды қажет етуі мүмкін. АҚБ жұмыс істеу уақыты пайдалану режиміне және теңшелімдеріне байланысты.

Бұйымның қызмет ету мерзімі

Бұйымның қызмет ету мерзімі-4 жыл.

Көрсетілген қызмет мерзімі тұтынушы осы нұсқаулықтың талаптарын сақтаған кезде жарамды болады.

Сыни істен шығулардың тізбесі

- Қатты ұшқынмен қолдануға болмайды.
- Қатты діріл пайда болған кезде пайдаланбаңыз.
- Сынған немесе ашық электр кәбілімен пайдалануға болмайды.
- Бұйымның корпусынан тікелей түтін пайда болған кезде пайдалануға болмайды.

Персоналдың ықтималды қате әрекеттері

- Зақымдалған тұтқамен немесе зақымдалған қорғаныш қаптамасымен пайдалануға болмайды.
- Жаңбыр кезінде ашық кеңістікте қолдануға болмайды.
- Корпусқа су кірген кезде қоспаңыз.

Шекті күйлердің өлшемдері

- Электр кәбілі қажалған немесе зақымдалған.
- Бұйымның корпусы зақымдалған.

Құрылғының сұлбасы



1. 1/2" квадрат патрон
2. Сөндіргіш.
3. Жылдамдықты ауыстырып-қосқыш
4. LED-көмескі жарығы.
5. Айналу бағытының ауыстырып-қосқышы.
6. Резеңкеленген тұтқа.
7. Белдікке бекітуге арналған қапсырма.

Құрылғыны пайдалану


Айналу бағыты

Құрылғы айналу бағытын ауыстырып-қосқышпен жабдықталған (5).

Айналдыру режимін сағат тілімен орнату үшін ауыстырып-қосқыш солға жылжытыңыз.

Айналдыру режимін сағат тіліне қарсы орнату үшін ауыстырып-қосқыш оңға жылжытыңыз.

Сөндіргішті бұғаттау үшін ауыстырып-қосқышты бейтарап күйге ауыстырыңыз.



Ескертпе: биттің айналуын толық орнатқанға дейін ауыстырып-қосқышты ешқашан басқа күйге ауыстырмаңыз.

Айналу бағытын орнатқаннан кейін, сөндіргішті басу арқылы құралды қосыңыз. Сөндіргішке түсетін қысым жоғарылаған сайын жылдамдық артады. Құралды өшіру үшін сөндіргішті босатыңыз.

Жылдамдықты және айналу сәтін реттеу

Жылдамдық сөндіргішке басу дәрежесіне байланысты өзгереді.

Жылдамдықтың шектеуін ауыстырып-қосқыштың көмегімен өзгертуге болады (3).

Белдікке бекітуге арналған қапсырма

Қапсырма құрылғыны бел белдігімен ыңғайлы тасымалдауға мүмкіндік береді. Қолданар алдында қапсырманың құрылғыға бұрандамен мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

LED-көмескі жарығы

Жарықдиодты жарық көзі нашар жарықтандырылған жерлерде жұмыс істеуге арналған. Құрылғыны қосқан кезде жарықдиоды автоматты түрде жанады.

Аккумулятор мен қуаттау құрылғысын пайдалану

Ескертпе: бұл электр құралының жиынтығына аккумулятор мен қуаттау құрылғысы кірмейді. Кестеде осы электр құралымен үйлесімді аккумуляторлар мен қуаттау құрылғыларының үлгілері көрсетілген.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: тек осы электр құралымен үйлесетін аксессуарларды қолданыңыз.


Li-ion аккумуляторы	Finepower OneBase B20 / Finepower OneBase B40 / Finepower OneBase B60 / Finepower OneBase S40 / Finepower OneBase S80
Зарядтау құрылғысы	Finepower OneBase C124 / Finepower OneBase C135 / Finepower OneBase C230

Аккумуляторды зарядтау

1. Аккумуляторды электр құралынан ажыратыңыз. Ол үшін аккумулятордағы бекіту батырмасын басып, аккумуляторды электр құралынан абайлап шығарып алыңыз.
Бекіту батырмасы



2. Қуаттау құрылғысын электр желісіне қосыңыз. Индикатор жасыл түспен жанады.
3. Аккумуляторды қуаттау құрылғысына салыңыз және байланыстың дұрыстығына көз жеткізіңіз.
4. Индикатор, қуатталып жатқандығын көрсете отырып, қызыл түспен жанады.
5. Қуаттау аяқталғаннан кейін индикатор жасыл түспен жанады. Қуаттандыру құрылғысын қуат көзінен ажыратып, аккумуляторды шығарыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: қуаттандыру құрылғысын желіден ажыратқан кезде сымынан тарпаңыз.

1. Қуатталған.
2. Қуатталып жатыр.

Аккумулятор	Аккумулятордан жұмыс істеудің номиналды уақыты*
B20 2.0 А·сағ.	32 мин.
B40 4.0 А·сағ.	64 мин.
B60 6.0 А·сағ.	96 мин.
S40 4.0 А·ч	64 мин.
S80 8.0 А·ч	128 мин.



* Құрылғының шамалы жүктеме режимінде болжамды жұмыс уақыты.

Қуаттану деңгейінің индикаторы	Қалған қуаты (%)
 Жасыл Қызғылт сары Қызыл	75 - 100 %
 Қызғылт сары Қызыл	25 - 50 %
 Қызыл	10 - 25 %

Техникалық сипаттамалар

Үлгісі	CIWBL300
Кернеу (В)	20
Айналымдар:	0-1800/0-2100/0-2700
Соққылар	0-2520/0-2940/0-3780
Макс. айналу сәті (Н*м)	220/250/300
Патрон түрі	квадрат 1/2"
Айналу сәті қадамдарының саны	3
Көмескі жарық	бар
Дыбыс қысымының деңгейі (дБ(А)), К=3 дБ(А))	69
Дыбыс қуатының деңгейі (дБ(А)), К=3 дБ(А))	80
Діріл деңгейі (м/с ² , К=1,5 м/с ²)	3,845

Жиынтықтамасы

- Гайковерт.
- Магнитті бита ұстағыш.
- Бита PH2 50 мм.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.

Қызмет көрсету

Құрылғыны жұмсақ ылғалды матамен сүртіп тұрыңыз. Агрессивті жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз. Құралды ылғалдың әсеріне ұшыратпаңыз.

Ықтимал проблемалар және олардың шешімі

Проблеманың сипаттамасы	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Электр сайманы жұмыс істемей тұр.	1. Қуат көзі элементінің заряды таусылған. 2. Қуат көзі элементі ақаулы немесе зақымдалған.	1. Қуат көзі элементін қайта зарядтаңыз. 2. Қуат көзі элементін ауыстырыңыз.
Электр саймандарының қозғалтқышы баяу жұмыс істейді / айналу санын жоғалтады.	1. Қуат көзі элементінің заряды таусылған. 2. Қуат көзі элементі ақаулы немесе зақымдалған.	1. Қуат көзі элементін қайта зарядтаңыз. 2. Қуат көзі элементін ауыстырыңыз.
Қуат көзі элементі зарядталмайды / зарядтау құрылғысының жарық индикаторы жұмыс істемейді.	1. Сақтандырғыш істен шықты. 2. Зарядтау құрылғысы ақаулы.	1. Сақтандырғышты ауыстырыңыз. 2. Зарядтау құрылғысын ауыстырыңыз.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын орынжайларында ауа температурасы 5 °C бастап 40 °C дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Орынжайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмау керек.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіледі. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және тиісті емес пайдалану нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын алуға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару жөніндегі кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғы ақаулығын анықтаған кезде дереу авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Нинбо Лянъе Электрик Эпплайнсис Ко., Лтд.
Цяньхоучэнь ауылы, Юньлун, Иньчжоу ауданы, Нинбо қ., Чжэцзян пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12,
Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы,
Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Адрес электронной почты / электронды пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.



Өндірушіге келесі жағдайларда кепілдікті міндеттемелер жүктелмейді:

- Кепілдік мерзімі өтіп кетсе.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылса.
- Өндіруші бұйым иесі және/немесе үшінші тұлғалар бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу салдарынан, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету бойынша ұсынымдарды, бұйымды қосу (тиісті емес желілік кернеудің бұйымның өзіне де, онымен түйіндес бұйымдарға әсер етуінің нәтижесінде де пайда болған қысқа тұйықталулар), сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан шектен ықтимал материалдық, моральдық және өзге зиян үшін жауапкершілік көтермейді.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: сынықтар, жарықшалар, деформациялар, соққылар іздері, майысқан жерлер және бұйымды пайдалану барысында болған т. б. зақымданулар.
- Бөгде түрлендірулердің, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдар жүргізудің іздері бар. Егер ақау конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер ақау еңсерілмейтін күш әсерінен (табиғи апаттардан, өрттерден, су тасқындарынан, жер сілкіністерінен, тұрмыстық факторлардан және Өндірушіге байланысты емес өзге жағдайлардан), немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаған болса. Ақау бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелген бұйымның ішіне бөтен заттар, бөгде денелер, заттектер, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлар түсуінен, агрессивті орталардың, жоғары ылғалдылықтың, жоғары температуралардың әсерінен туындаған болса.
- Бұйымды сәйкестендіруі (сериялық нөмірі) жоқ болса немесе сәйкес келмесе. Егер ақаулықтар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен; БЖ жеткізушісінде осы қызметтерді ұсынудың болмауына байланысты оларды жою/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресустарына қолжетімділіктің болмауына әкелген құпиясөздерді (кодтарды) орнатумен, ауыстырумен немесе жоюмен туындаған болса.
- Егер жұмыс ақаулары қоректік, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне, радиосигнал қуатына сәйкес келмеуінен, оның ішінде жер бедерінің ерекшеліктерінен және басқа ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің қамту шекарасында немесе аймағынан тыс пайдаланудан туындаған болса.
- Егер ақаулар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапалы емес (зақымдалған) шығыс материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (CD, DVD дискілерін, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаған болса.
- Егер кемшіліктер үйлесімді емес контентті (әуендер, графика, бейне және басқа файлдар, Java қосымшалары және оларға ұқсас бағдарламалар) алу-дан, орнатудан және пайдаланудан туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істеп тұрған басқа жабдыққа келтірілген шығынға.



Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін уәкілетті сервис орталықтарының аумағында тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілді мерзім: 24 ай.

Пайдалану мерзімі: 48 ай.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік міндеттемелері және ақысыз қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, бұйым жиынтығына кіретін төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат көзі элементтері (батареялар).
- Біріктіру кабельдері, антенналар және оларға арналған өткізгіштер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі ақпарат тасығыштары, жиынтықта жеткізілетін бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, бұйымның қатты магниттік дискілерінде жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ), сыртқы енгізу/шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасуға арналған баусымдар, монтаждау жабдықтары, саймандар, бұйымға қоса берілген құжаттама.
- Шығыс материалдар және табиғи тозуға ұшырайтын бөлшектер.



www.finepower.ru